

Бекітемін:
ЖК Н.Н. Ғайым «Ақбөбек» балабақшасы
Әдіскері: Б.А. Ж. Балтабаева
Т.А. Қарашай 2025 жыл

Білім беру ұйымы: “Ақбөбек” балабақшасы
Топ: “Балапан” ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 5 жасстан
Педагогтың аты-жөні: Убайдуллаева Г.Т

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 3 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қаралайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.09.2025 ж	Сейсенбі 16.09.2025 ж	Сәрсенбі 17.09.2025ж	Бейсенбі 18.09.2025ж	Жұма 19.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Жыл мезгілі туралы әңгіме қозғап, табиғатты бақылауға үйретіңіз. Өз бетінше тамақтануға мүмкіндік беріңіз. Жауапкершілік сезімін арттыру үшін шағын тапсырма беріңіз. Киіну кезінде түстерді атап, қайталау арқылы есте сақтауын дамытыңыз. Балаңызға «сен маған көмектесесің» деп сенім білдіріңіз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Жел соқты» Мақсаты: Ерін мен тынысты дамыту. Балалар қонысытып «ш-ш-ш» деп желдің дауысын салады. Кейін қаттырақ «с-с-с» деп боранды бейнелейді. Ойын: «Жел соқса – ағаштар шайқалады» (балалар қолын жан-жаққа бұлғайды). Коммуникативтік дағдылар	«Дәмді тосап» Мақсаты: Тілді жаттықтыру. Балалар тілдерін шығарып, еріндерін жалап, «тосап жегендей» қимыл жасайды. «Жоғарғы ерінді жала», «төменгі ерінді жала» деп тәрбиеші бағыт береді. Балалар тосаптың тәтті екенін елестетіп ойнайды. Коммуникативтік дағдылар	«Ат шабады» Мақсаты: Ерін бұлшықеттерін дамыту. Балалар тілдерін тістеріне қойып, «д-д-д» деп дыбыс шығарады. Кейін ат секілді «тіру-тіру» деп еріндерін дірілдетеді. Балалар бір-бірімен жарысып қатпен шауып келе жатқандай ойнайды. Коммуникативтік дағдылар	«Көмпит ауызда» Мақсаты: Тілді кенейту, ерін қимылын арттыру. Балалар тілдерін шығарып, оны әр жаққа «жасырады»: оң жаққа, сол жаққа, жоғары, төмен. «Көмпит ауыздың ішінде домалап жүр» деп елестетеді. Тәрбиеші: «Көмпитті оң жаққа апар», «снді сол жаққа апар» деп тапсырма береді. Коммуникативтік дағдылар	«Аю мен қонжық» ойыны (артикуляциялық жаттығу) Мақсаты: Тіл, ерін және тыныс алу мүшелерін жаттықтыру. Аюдың күркілі – балалар аузын ашып, «А-а-а» деп созып айтады (ауызды кең ашу). Қонжықтың ызыны – «М-м-м» деп мұрын арқылы дыбыс шығару. Аю бал жейді – балалар тілін шығарып, еріндерін жалап көреді (тілді созу). Қонжық үрлейді – балалар «П-п-п» деп еріндерін дірілдетіп үрлейді. Коммуникативтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындағанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Танғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жөндерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Қазақ тілі «Табиғатта» Тілдік дамытушы орта: Серуен кезінде табиғат нысандарын бақылау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: «с», «ш» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор: «Жалпырақ, гүл, ағаш, шөп, күн».	Дене тәрбиесі «Шенбер бойымен жүреміз» ЖДЖ: Қолды алға созып, шапалақтау. Саусақ гимнастикасы. Негізгі қимыл: Шенбер бойымен жүру, тоқтап жартылай отыру. Ұлттық ойын: «Хан алу».	Музыка «Домбыра – халқымыздың қазынасы» Мақсаты: Балаларды ұлттық аспапты қастерлеуге баулу, музыкалық есту қабілетін дамыту. Әрекет барысы: Балаларды қазақтың күмбіртеген күйімен қарсы алу.	Дене тәрбиесі «Шенбер бойымен жүреміз» ЖДЖ: Қолды алға созып, шапалақтау. Саусақ гимнастикасы. Негізгі қимыл: Шенбер бойымен жүру, тоқтап жартылай отыру. Ұлттық ойын: «Хан талапай» (шарлармен). Мәдени-гигиеналық дағды: Киімді ұқыпты кию.	Дене тәрбиесі Доппен ойнаймыз» ЖДЖ: Қолды басынан асыра көтеру, шапалақтау. Негізгі қимыл: Жан-жаққа бауы айналу, допты домалату. Ұлттық ойын: «Алтын сақа» (доппен). Мәдени-гигиеналық дағды: Таракты қолдану. Сауықтыру шарасы: Тыныс

	Грамматикалық құрылым: Заттың түсін анықтау («жасыл жапырақ», «қызыл гүл»). Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сөйлем құру («Бұл – ағаш», «Жапырақ жасыл»).	талапай» (шарлармен). Мәдени-гигиеналық дағды: Киімді ұқыпты кию-тешу. Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде жүгіру. Вариативтік компонент "Хореография" Маман жоспарымен	Домбыраның шығу тарихы туралы қысқаша әңгіме ертеде халық күймен қуанышпен қайғысын жеткізген). Домбыраның дыбысын тыңдатып, балаларға «ла-ла-ла» немесе «а-а-а» деп әуенге қосылу. Қимыл: балалар қолдарын домбыра шерткендей етіп қимылдайды. Дидактикалық ойын: «Әуенді тата» – тәрбиеші бірнеше әуен ойнайды (бірі көңілді, бірі баяу), балалар көңіл-күйіне қарай қимылымен көрсетеді.	нешеу. Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде жүгіру.	жаттығулары.
	«Менің сүйікті ойыншықтарым» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Балалардың сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу «Менің қуыршағым» ертегісін тыңдау Саусақ жаттығуы: ойыншық атауларын кайталау Қазақ тілі Жуан және жіңішке сөздерді ажырату (доп – жуан, қуыршақ – жіңішке) Қарапайым сұрақ-жауап: «Бұл не?», «Қандай ойыншық?» Математика негіздері. Біртекті ойыншықтарды топтау (қуыршақтар, машиналар) «Көп – аз» түсініктерімен таныстыру Құрастыру Құрылыс материалдарынан ойыншық үйшігін құрастыру	Менің аюым Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – «Менің сүйікті аюым» тақырыбына әңгімелеу. Қазақ тілі – «Үлкен-кіші», «жұмсақ-қатты» сөздерімен сөздік қорды байыту. Ойын «Ойыншықты сипатта». Математика негіздері – Ұзын-қысқа ойыншықтарды салыстыру. Кеністікте бағдарлау: оңға, солға қою. Құрастыру – Текшелерден аюға орындық құрастыру.	Менің машинама Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – «Менің машинама» тақырыбы бойынша әңгімелеу. Қысқа әңгіме құрастыру. Қазақ тілі – «Мя», «Ш» дыбыстарын айту. Машинаға қатысты сөздер: рөл, дөңгелек, терезе. Математика негіздері – Машинаның дөңгелектерін Геометриялық пішіндерден жасау (дөңгелек, төртбұрыш).	Қуыршақпен ойын Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – «Менің қуыршағым ойнайды» тақырыбында әңгімелеу. Қуыршақ туралы өлең оқу. Қазақ тілі – Қуыршақпен диалог құру (амандасу, қоштасу). Сөздерді байланыстыру: қуыршақ – қойлек. Математика негіздері – Қуыршақтың киімдерін ұзын-қысқа, үлкен-кіші деп салыстыру. Тәулік бөліктерін ажырату. Құрастыру – Қуыршаққа арналған төсек жасау.	Менің сүйікті ойыншықтарым Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – «Менің сүйікті ойыншығыммен ойыным» әңгіме құрастыру. «Ойыншықтар елінде» ертегісін тыңдау. Қазақ тілі – Жана сөздер: ойыншық, сүйікті, бірге ойнау. Сөз тіркестері: сүйікті қуыршақ, қызыл машина. Математика негіздері – Бір ойыншықты бөліп көрсету. «Көп – біреу» түсінігін бекіту.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шафтаарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасакталған				

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасиқты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сурет салу – Дәстүрден тыс әдіс: саусақпен қуыршақ бейнесін салу Мүсіндеу – Ермексаздан доп жасау (домалақтау тәсілі) Жапсыру – Дайын пішіндерден қуыршақтың суретін жапсыру Қоршаған әлеммен таныстыру – «Менің ойыншықтарым қайда тұрады?» (қорал, сөре) Ойыншықтарды күтіп ұстау ережелері	Сурет салу – Алақанмен аю бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу – Ермексаздан аю мүсіндеу (домалақтау, жалпақтау). Жапсыру – Дөңгелек пішіндерден аю бейнесін құрастыру. Қоршаған әлеммен таныстыру – Үй жануарлары мен ойыншық жануарларды салыстыру.	Құрастыру – Конструктордан машина жасау. Сурет салу – Дөңгелек штамппен машина бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу – Ермексаздан машина жасау. Жапсыру – Пішіндерден машина бейнесін жапсыру. Қоршаған әлеммен таныстыру – Нағыз көліктерді бақылау (сурет, видео).	Жапсыру – Қуыршаққа көйлек жапсыру (дайын пішіндерден). Қоршаған әлеммен таныстыру – Балалардың сүйікті ойыншықтары мен олардың айырмашылықтарын атау. Сурет салу – Мақтамен қуыршақтың киімін бояу (дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу – Қуыршаққа жеміс (алма, алмұрт) мүсіндеу.	Құрастыру – Барлық ойыншықтарға арналған ойын – бұрышын құрастыру. Сурет салу – Тіс шеткасымен шашыратып ойыншық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу – Ермексаздан бірге ойнайтын ойыншықтарды жасау. Жапсыру – «Менің ойыншықтарым» композициясын жапсыру. Қоршаған әлеммен таныстыру – Ойыншықтарды күтіп ұстау ережесін қайталау.

Балалармен жеке жұмыс	«Қимылды есте сақтау» Міндеті: көрсетілген қимылды түсіну, есте сақтау және көбейту қабілетін дамыту; қол-көз жалын, зейінді дамыту Физикалық дағдылар	«Ертегі кейіпкерін біл» Міндеті: кейіпкерді аталған белгі бойынша анықтау Қарым-қатынас дағдылары	«Кім қайда ұйықтайды» Міндеті: ақыл-ой қабілетін, негізгі геометриялық фигура туралы түсінігін дамыту; түс атауын бекіту; үлгі бойынша тандау Танымдық және зияткерлік дағдылар Эрекетін қалыптастыру	«Саусықтармен сурет салу» Міндеті: ұсақ моториканы дамыту; түстерді зерттеуге көмектесу Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі	«Зат және әрекет» Міндеті: балалардың заттың қасиеті туралы білімін бекіту; олардың сөздік қорын байытуға және кеңейтуге ықпал ету Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза аулада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Қаздар мен қасқыр» Мақсаты: Топтық бірлікті дамыту. Шарты: Бір бала қасқыр, қалғандары қаздар. Қаздар шенбер бойымен жүреді, қасқыр ұстап алуға тырысады.	«Сиқырлы қақпа» Мақсаты: Қимыл үйлесімділігін жетілдіру. Шарты: Екі бала қолдарын жоғары көтеріп қақпа жасайды. Басқалары қақпадан өтіп үлгеруі керек, белгі берілгенде қақпа «жабылады».	«Жеміс теру» Мақсаты: Зейінді, қимыл жылдамдығын дамыту. Шарты: Балалар алаңдағы «жемістерді» (доп, шар) жинап, себетке салады.	«Түлкі мен балапандар» Мақсаты: Жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір бала түлкі, қалғандары балапандар. Балапандар «қорала» жүреді, түлкі қуып ұстайды.	«Теніз жұлдыздары» Мақсаты: Қимыл үйлесімділігін дамыту. Шарты: Балалар теңіз жұлдызы болып, қолдарын созып, баяу айналады. Белгі берілгенде орнына жата қалады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, талсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, көлөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қалағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана талсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күні бойғы әсерін ертегі арқылы талқылануы. Отбасымен бірге үстел басында күннің жақсы сәтін айту дәстүрін бастаңыз. Талсырманы орындағаны үшін алғыс айтып, жылы сөз айтыңыз. Бірге түстерге байланысты сурет салыңыз. Бірге кітап оқып, кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылануы.				